

Рудный қаласы әкімдігінің "Железородная ЖЭК" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына су құбыры желілеріне қызмет көрсету және пайдалану мақсатында жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 136 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 1-тармағы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, өтініш және 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 28 бұйрықпен бекітілген жер құрылысы жобасының негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Железородная ЖЭК" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Рудный қаласы:

- 1) су құбыры желілері (Железородная станциясы);
- 2) сыртқы су құбыры (50 лет Октября көшесінен СҚСС-ға дейін) мекенжайында орналасқан, су құбыры желілеріне қызмет көрсету және пайдалану мақсатында көлемі 1,7317 га жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Рудный қаласының әкімі

Қ. Испергенов